

"Іле ауданы бойынша әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі туралы"

Күшін жойған

Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 12-2173 қаулысы. Алматы облысы Іле ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 қаңтарда № 2-10-108 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 11-2306 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 31.12.2013 № 11 - 2306 қаулысымен. Р Қ А О ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабының 2 тармағын, 7 бабының 5-4) тармақшасын, 18-1 бабын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13)-ші тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынған жұмыс берушілерді іріктеу Тәртібі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Жұмыс берушілермен әлеуметтік жұмыс орындарын құру туралы келісім-шарттарды жасау «Іле аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» Мемлекеттік Мекемесіне уәкілетті етілсін.

3. Іле аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Мемлекеттік Мекемесі (Құматаев Нұрлан Орынбасарұлы):

1) жұмыссыздар есебінде тұратын халықтың нысаналы топтарына жататын жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберсін;

2) жұмыс берушілердің әлеуметтік жұмыс орнындағы жұмыссыздардың еңбек ақы шығынының бөлігіне ауданның қаржы жоспарында көрсетілген шегінде өтемақы төлесін.

4. Аудандық қаржы бөлімі (Дуйшенбаева Ляззат Балиқанқызы) әлеуметтік жұмыс орындарындағы жұмыссыз азаматтарға төленетін қаржының уақтылы бөлінуін қамтамасыз ету тапсырылсын.

5. Іле ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі «2009 жылы Іле ауданы бойынша әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы» № 4-672-ші қаулысы 2009 жылы 21 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік

тіркеудің тізіміне № 2-10-93 болып енгізілген, 2009 жылы 29 мамырда «Іле таңы» газетінің № 26 санында жарияланған, орындалуына байланысты күшін жойсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Файль Виктор Александровичке жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізілсін.

<i>Аудан Әкімі</i>	<i>Логутов Н.</i>
І л е а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң	
2009 жылғы «29» желтоқсандағы	
№ 12-2173 «Іле ауданы бойынша	
әлеуметтік жұмыс орындарын	
ұйымдастыру туралы”	қаулысына
қосымша	

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынған жұмыс берушілерді іріктеу ТӘРТІБІ

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынған жұмыс берушілерді іріктеу төмендегі өлшемдер арқылы іске асырылады:

1) әлеуметтік жұмыс орындары халықтың нысаналы топтарына жататын жұмыссыздарға, еңбек нарығындағы жағдайға қарай нысаналы топтардың қосымша тізбесіне жататын жұмыссыздарға арнайы арналған болуы тиіс;

2) әлеуметтік жұмыс орындары уақытша жұмыс орны болып табылады, оларды ұйымдастыру үшін тұрақты және бос жұмыс орындары қолданылмайды;

3) жұмыс берушілердің жұмысты икемді кесте арқылы және жартылай жұмыс күнін белгілеп ұйымдастыруына мүмкіндігі бар;

4) әлеуметтік жұмыс орындары- экономикалық және әлеуметтік пайдалы б о л у ы қ а ж е т .

2. Әлеуметтік жұмыс орнын құрғысы келетін жұмыс берушілер аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен шарт жасағанда келісуші жақтардың міндеттері, жұмыс түрлері, көлемі, еңбек ақының мөлшері мен жағдайы, әлеуметтік жұмыс орнының мерзімі мен қаржыландыру көзі к ө р с е т і л е д і .

3. Жұмыс берушілердің әлеуметтік жұмыс орындарындағы жұмыссыздардың еңбек ақы шығындары бөлігінің өтемақысы аудан бюджетінде қаралған қаржы шегінде әр жұмыссызға республика бойынша бекітілетін төменгі еңбекақы мөлшерінде жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК